

**Көкшетау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № С-2/7 "Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 қарашадағы № С-5/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 желтоқсанда № 5614 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 6 сәуірдегі № С-20/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 06.04.2018 № С-20/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көкшетау қалалық мәслихатының "Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 сәуірдегі № С-2/7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5372 тіркелген, 2016 жылғы 31 мамырда "Көкшетау" және "Степной Маяк" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Көкшетау қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларында:

8 тармақ келесі мазмұндағы 7-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"7-1) 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонын жабу күні."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алтыншы шақырылған Көкшетау қалалық мәслихатының 5-ші кезектен тыс сессиясының төрағасы, Көкшетау қалалық мәслихатының хатшысы*

*Б.Ғайса*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Көкшетау қаласының әкімі*

*Е.Маржықпаев*

**2016 жылғы "25" қараша**